

"Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның жалауы мен рәмізінің, ведомствоның аумақтық бөлімшелері мен білім беру үйымдары жалауларының сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 549 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 22 қазандағы № 679 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның жалауы мен рәмізінің, ведомствоның аумақтық бөлімшелері мен білім беру үйымдары жалауларының сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 549 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жалауы мен рәмізінің, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері мен білім беру үйымдары жалауларының, азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінің жауынгерлік жалауларының сипаттамасын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жалауының;

2) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган рәмізінің;

3) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жалауларының;

4) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру үйымдары жалауларының;

5) азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінің жауынгерлік жалауларының сипаттамалары бекітілсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның сипаттамасы осы Жарлыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның рәмізінің сипаттамасы осы Жарлыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшелері жалауларының сипаттамасы осы Жарлыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның білім беру үйымдары жалауларының сипаттамасы осы Жарлыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Жарлыққа 5-қосымшаға сәйкес азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері жауынгерлік жалауларының сипаттамасымен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

К. Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2021 жылғы 22 қазандығы
№ 679 Жарлығына
1-ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2017 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 549 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жалауының СИПАТТАМАСЫ

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жалауы екі жақты матадан, ағаш саптан және шашақты баудан тұрады.

Жалаудың матасы тік бұрышты, өлшемдері: ұзындығы – 200 см, ені – 100 см, көгілдір түсті жібек файдан екі бүктеліп жасалады және үш жағының шеттері алтын түстес жібек шашақпен көмкеріледі.

Матаның беткі жағының орта тұсында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының контуры алтын түстес жібекпен жапсырылып тігілген, бейненің биіктігі бойынша өлшемі – 50 см. Матаның жоғарғы жақ шетінде – "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ", ал төменгі жағында "ОТАН ҮШІН" деген жазулар алтын түстес жібек жіппен кестеленген, жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның сырт жағының ортасында – жер шарының айшықты контурының ішіндегі "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызыл-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш), жер шарының айшықты контурының астында – қалықтаған қыран, ал төменгі шетінде – "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕҢШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" деген жазу. Жазу әріптерінің өлшемі – 6 см. Жер шарының айшықты контурының үстінде алтын түсті жібек жіппен "МИНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК" деген жазу кестеленген. Жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның бет жағының сол жақ шеті оны ағаш сапқа кигізуге арнап көмкеріліп тігілген, оның диаметрі – 4 см. Матаның екі жағында ағаш сапты бойлай ұлттық оюмен өрнектелген тік жолақ орналасқан.

Жалаудың сабы диаметрі 4 см, ұзындығы 250 см дөңгелек қималы ағаштан жасалған. Сап қою қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі ұшында – металл шығышырығы, ал жоғарғы ұшында алтын түстес әшекейлі ұштығы бар.

Жалаудың алтын түстес жібек жіптен ширатылып жасалған бауының ұштарында қос шашағы бар. Баудың ұзындығы – 270-285 см.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілдегі орган жалауының бейнесі осы сипаттамаға қосымшаға сәйкес белгіленген.

Азаматтық қорғау саласындағы
уәкілдегі орган жалауының
сипаттамасына
ҚОСЫМША



Қазақстан Республикасы
Президентінің
2021 жылғы 22 қазандығы
№ 679 Жарлығына
2-ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2017 жылғы 15 күркүйектегі
№ 549 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган рәмізінің СИПАТТАМАСЫ

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның рәмізі қызыл жолақпен жиектелген көгілдір түсті шеңбер салынған жеті бұрышты жүлдзызы білдіреді. Шенбердің жиегін бойлай алтын түсті әріппен жоғары жағында – "ҚАЗАҚСТАН", солдан онға қарай "ТӨТЕҢШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" деген жазу екі жағынан ұлттық өрнек салынып жазылған, шеңбер жиегінің ішін бойлай "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТИНЕ!" деп жазылған. Шенбердің ортасында – "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызығылт-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бар жер шарының айышықты контурының бейнесі. Жер шары контурының астында – қалықтаған қыран контуры, төменірек қызыл әріптермен "ТЖМ" аббревиатурасы. "Жел бағыты" мен өрнектің бейнесі, "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТИНЕ!" деген жазудың, "ТЖМ" аббревиатурының, жер шары мен қыранның контурлары – алтын түсті. Жер шары мен қыран контурларының ішкі кеңістігі – көк түсті.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган рәмізінің бейнесі осы сипаттамаға қосымшаға сәйкес белгіленген.

Азаматтық қорғау саласындағы
уәкілетті орган рәмізінің
сипаттамасына
ҚОСЫМША



Қазақстан Республикасы
Президентінің
2021 жылғы 22 қазандагы

№ 679 Жарлығына
3-ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2017 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 549 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жалауларының СИПАТТАМАСЫ

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің жалауы екі жақты матадан, ағаш саптан және шашақты баудан тұрады.

Жалаудың матасы тік бұрышты, өлшемдері: ұзындығы – 200 см, ені – 100 см, көгілдір түсті жібек файдан екі бүктеліп жасалады және үш жағының шеттері алтын түстес жібек шашақпен көмкеріледі.

Матаның беткі жағының орта тұсында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының контуры алтын түстес жібекпен жапсырылып тігілген, бейненің биіктігі бойынша өлшемі – 50 см. Матаның жоғарғы жақ шетінде – "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ", ал төменгі жағында "ОТАН ҰШІН" деген жазулар алтын түстес жібек жіппен кестеленген, жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның сырт жағының ортасында – жер шарының айышықты контурының ішіндегі "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызылт-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір ұшбұрыш), жер шарының айышықты контурының астында – қалықтаған қыран, ал төменгі шетінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің мемлекеттік тілдегі атауы жазылған. Жазу әріптерінің өлшемі – 6 см. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің атауындағы сөздердің санына қарай әріптердің өлшемі 4 см дейін кішірейтілуі мүмкін. Жер шарының айышықты контурының үстінде алтын түсті жібек жіппен "МИНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК" деген жазу кестеленген. Жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның бет жағының сол жақ шеті оны ағаш сапқа кигізуге арнап көмкеріліп тігілген, оның диаметрі – 4 см. Матаның екі жағында ағаш сапты бойлай ұлттық оюмен өрнектелген тік жолақ орналасқан.

Жалаудың сабы диаметрі 4 см, ұзындығы 250 см дөңгелек қималы ағаштан жасалған. Сап қою қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі ұшында – металл шығыршығы, ал жоғарғы ұшында алтын түстес әшекейлі ұштығы бар.

Жалаудың алтын түстес жібек жіптен ширатылып жасалған бауының ұштарында қос шашағы бар. Баудың ұзындығы – 270-285 см.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жалауларының бейнесі осы сипаттамаға қосымшаға сәйкес белгіленген.

уәкілетті органнын аумактық
бөлімшелері жалауларының
сипаттамасына
ҚОСЫМША



Қазақстан Республикасы
Президентің
2021 жылғы 22 қазандағы
№ 679 Жарлығына
4-ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентің

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру ұйымдары жалауларының СИПАТТАМАСЫ

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру ұйымының жалауы екі жақты матадан, ағаш саптан және шашақты баудан тұрады.

Жалаудың матасы тік бұрышты, өлшемдері: ұзындығы – 200 см, ені – 100 см, көгілдір түсті жібек файдан екі бүктеліп жасалады және ұш жағының шеттері алтын түстес жібек шашақпен көмкеріледі.

Матаның беткі жағының орта тұсында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының контуры алтын түстес жібекпен жапсырылып тігілген, бейнениң биіктігі бойынша өлшемі – 50 см. Матаның жоғарғы жақ шетінде – "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ", ал төменгі жағында "ОТАН ҰШІН" деген жазулар алтын түстес жібек жіппен кестеленген, жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның сырт жағының ортасында – жер шарының айышықты контурының ішіндегі "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызғылт-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір ұшбұрыш), жер шарының айышықты контурының астында – қалықтаған қыран, ал төменгі шетінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру ұйымының мемлекеттік тілдегі атауы жазылған. Жазу әріптерінің өлшемі – 6 см. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру ұйымының атауындағы сөздердің санына қарай әріптердің өлшемі 4 см дейін кішірейтілуі мүмкін. Жер шарының айышықты контурының ұстінде алтын түсті жібек жіппен "МИНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК" деген жазу кестеленген. Жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның бет жағының сол жақ шеті оны ағаш сапқа кигізуге арнап көмкеріліп тігілген, оның диаметрі – 4 см. Матаның екі жағында ағаш сапты бойлай ұлттық оюмен өрнектелген тік жолақ орналасқан.

Жалаудың сабы диаметрі 4 см, ұзындығы 250 см дөңгелек қималы ағаштан жасалған. Сап қою қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі ұшында – металл шығыршығы, ал жоғарғы ұшында алтын түстес әшекейлі ұштығы бар.

Жалаудың алтын түстес жібектен ширатылып жасалған бауының ұштарында қос шашағы бар. Баудың ұзындығы – 270-285 см.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру ұйымдары жалауларының бейнесі осы сипаттамаға қосымшаға сәйкес белгіленген.

Азаматтық қорғау саласындағы
уәкілетті органның білім беру
ұйымдары жалауларының
сипаттамасына
ҚОСЫМША



Қазақстан Республикасы
Президентінің

2021 жылғы 22 қазандагы

№ 679 Жарлығына

5-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2021 жылғы 22 қазандагы

№ 679 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері жауынгерлік жалауларының СИПАТТАМАСЫ

Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімінің жауынгерлік жалауы екі жақты матадан, ағаш саптан және шашақты баудан тұрады.

Жалаудың матасы тік бұрышты, өлшемдері: ұзындығы – 145 см, ені – 115 см, көгілдір түсті жібек файдан екі бүктеліп жасалады және үш жағынан шеттері алтын түстес жібек шашақпен көмкеріледі.

Матаның беткі жағының орта тұсында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының контуры алтын түстес жібекпен жасалып тігілген, бейненің биектігі бойынша өлшемі – 50 см. Матаның жоғарғы жақ шетінде – "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ", ал төменгі жағында "ОТАН ҮШІН" деген жазулар алтын түстес жібек жіппен кестеленген, жазу әріптерінің биектігі – 7,5 см.

Матаның сырт жағының ортасында күрең қызыл түсті жібектен бес бұрышты жүлдyz кестеленген, оның ортасында – алтын түстес жібекпен шүғылалы күннің контуры, оның астында қалықтаған қыран кестеленген. Матаның жоғарғы жақ шетінде алтын жібек жіппен "МИНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК" деген жазу, ал төменгі жағында әскери бөлімнің нөмірі мен мемлекеттік тілдегі атауы кестеленген. Цифрлардың биектігі бойынша өлшемі – 10 см, жазу әріптерінің өлшемі – 7,5 см. Әскери бөлімнің атауына кіретін сөздердің санына байланысты цифрлардың өлшемі 6 см дейін, ал әріптердің өлшемі 4,5 см дейін кішірейтілуі мүмкін.

Матаның бет жағының сол жақ шеті оны сапқа кигізуге арнап көмкеріліп тігілген, оның диаметрі – 4 см.

Жауынгерлік жалаудың сабы диаметрі 4 см, ұзындығы 250 см дөңгелек қималы ағаштан жасалған. Сап қою қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі ұшында – металл шығышыры, ал жоғарғы ұшында алтын түстес әшекейлі ұштыры бар.

Жауынгерлік жалаудың алтын түстес жібек жіптен ширатылып жасалған бауының ұштарында қос шашағы бар. Баудың ұзындығы – 270-285 см.

Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері жауынгерлік жалауларының бейнесі осы сипаттамаға қосымшаға сәйкес белгіленген.

Азаматтық қорғаныстың әскери
бөлімдері жауынгерлік
жалауларының сипаттамасына
ҚОСЫМША



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкірттық ақпарат институты» ШЖҚ РМК